

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы
Үкіметінің арасындағы «Алтай» трансшекаралық
резерватын құру туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

халықаралық құқықтың жалпы жұртшылыққа танылған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді орындауға зор маңыз бере отырып,

Алтайдың таулы бөлігінің биологиялық әртүрлілігі мен экологиялық жүйелерінің бірегейлігін, оның экологиялық, эстетикалық, ғылыми және мәдени маңызын назарға ала отырып,

қазіргі және келешек ұрпақ игілігі үшін Алтайдың таулы бөлігінің ландшафтары мен биологиялық әртүрлілігін сақтауға Тараптардың ортақ мүдделілік білдіретінін тани отырып,

ғылыми зерттеулер, биологиялық әртүрлілікті сақтау және орнықты табиғат пайдалану саласындағы Тараптар арасындағы ынтымақтастықтың көп жылғы дәстүрлерін, сондай-ақ мемлекеттік шекараға іргелес ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың болуын атап өте отырып,

Алтайдың таулы бөлігінің биологиялық әртүрлілігі антропогендік әсердің теріс үдерісіне ұшырап отырғанына алаңдаушылық білдіре отырып,

табиғи кешендерді ортақ күш-жігер жұмсап қана сақтап қалуға болатынын және оларды сақтаудың мемлекеттік қана емес, сонымен бірге дүниежүзілік маңызы бар екенін басшылыққа ала отырып,

Қазақстан-Ресей трансшекаралық резерватын құру Алтайдың таулы бөлігінің ландшафтын қаз-қалпында сақтаудың талаптарына жауап беретініне, экологиялық тепе-теңдікті, табиғи ресурстарды қорғауды және еселеп көбейтуді қамтамасыз ететініне, бұл Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының ұлттық мүдделеріне және жалпы халықаралық қоғамдастықтың мүдделеріне сай келетініне кәміл сенімді бола отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекаралас аумақтарында «Алтай» трансшекаралық резерватын құрады, оның құрамына Қатонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (Қазақстан

Республикасы), бұдан әрі – ұлттық парк, және Ресей Федерациясының «Катунь» мемлекеттік табиғи биосфералық қорығы (Ресей Федерациясы), бұдан әрі – қорық, енеді.

Тараптар ұлттық парк пен қорық шекараларын олардың келісілген координаттар жүйесінде картографиялық бекітілуін қоса алғанда, өздерінің мемлекеттерінің аумақтары шегінде дербес анықтайды және өзгертеді, бұл жайында Тараптар бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабардар етеді.

2. «Алтай» трансшекаралық резерватының аумағында табиғи кешендер мен объектілерді қорғау, ғылыми зерттеулер жүргізу және табиғи ортаның жай-күйіне экологиялық мониторингті жүзеге асыру саласындағы іс-шаралар осы Келісімге және Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2-бап

«Алтай» трансшекаралық резерваты:

Алтайдың таулы бөлігінің биологиялық және ландшафтық әртүрлілігін сақтау;

экологиялық, әлеуметтік және мәдени аспектілерді ескере отырып, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы екі жақты ынтымақтастыққа жәрдемдесу;

экологиялық мониторингті жүзеге асыру және табиғи кешендер мен объектілерді зерделеу;

халықты экологиялық ағарту мен экологиялық туризмді дамыту мақсатында құрылады.

3-бап

1. Тараптардың осы Келісімді іске асыруға жауапты органдары (бұдан әрі – өкілетті органдар):

Қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

Ресей тарапынан – Ресей Федерациясының Табиғи ресурстар және экология министрлігі болып табылады.

2. Осы Келісімді орындау барысында Тараптардың өкілетті органдары өзара тікелей іс-қимыл жасайды. Тараптар сондай-ақ тікелей байланыстарды жүзеге асыру үшін «Алтай» трансшекаралық резерватының құрамына енгізілген ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жауапты ұйымдарды анықтай алады, бұл жайында олар бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

4-бап

1. Осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру және оны орындауға байланысты мәселелерді шешу үшін Тараптар Аралас Қазақстан-Ресей комиссиясын (бұдан әрі – Аралас комиссия) құрады, ол өкілетті органдармен келісім бойынша өз мәжілістерін Тараптар мемлекеттерінің бірінде алма кезек өткізіп тұрады. Аралас комиссияның бірінші мәжілісі осы Келісім күшіне енгеннен кейін бір жыл ішінде шақырылады.

2. Тараптар Аралас комиссияның ұлттық бөліктерін осы Келісімді іске асыру мәселелері қарауында болатын органдар мен ұйымдардың өкілдіктерін енгізіп, тепе-теңдік негізде қалыптастырады.

3. Аралас комиссия оның бірінші мәжілісінде қабылданатын Ереженің негізінде әрекет жасайды, бірлескен іс-шаралар жоспарларын қоса алғанда, ынтымақтастық бағдарламасы мен жоспарын бекітеді.

5-бап

1. Өкілетті органдар осы Келісімге сәйкес «Алтай» трансшекаралық резерватының табиғи кешендері мен объектілерін қорғау, зерделеу және мониторинг жүргізу кезінде ынтымақтастық жасайды, көрсетілген салаларда бірлесіп келісілген қызмет атқарады.

2. Өкілетті органдар мына бағыттар бойынша ынтымақтастығын жүзеге асырады:

«Алтай» трансшекаралық резерватының шекарасында жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген объектілерін қоса алғанда, табиғи кешендер мен объектілерді қорғау;

экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алу және тыю;

қоршаған ортаның ластануы, экологиялық құқық бұзушылықтар, індеттердің, орман өрттерінің таралуы және олардың алдын алу мен жою жайында, «Алтай» трансшекаралық резерватының аумағындағы экожүйелердің өзгеруіне, жануарлар мен өсімдіктер таралымдарының жойылуына душар етуі мүмкін өзге де табиғи құбылыстар жайында, сондай-ақ «Алтай» трансшекаралық резерватының экожүйесіне әсер етуі мүмкін шаруашылық жобаларды іске асыру жоспарлары жайында өзара хабардар етуді ұйымдастыру;

«Алтай» трансшекаралық резерватының аумағында жабайы жануарлардың бөгетсіз қоныс аударуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

3. Өкілетті органдар ынтымақтастықты мына нысандарда жүзеге асырады:

«Алтай» трансшекаралық резерватының аумағындағы қоршаған ортаның, табиғи кешендер мен объектілердің, оның ішінде Тараптар

мемлекеттерінің аумағында мекендейтін және қоныс аударатын жануарлар дүниесінің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген объектілері топтарының жай-күйіне бірлескен мониторинг өткізу;

осы Келісімнің 4-бабына сәйкес құрылатын Аралас комиссия бекітетін тақырыптар бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер ұйымдастыру;

табиғи кешендер мен объектілерді қорғау және зерделеу, ғылыми зерттеулер, экологиялық мониторинг және экологиялық-ағартушылық қызмет жүргізу саласында тәжірибе алмасу;

ғылыми және ғылыми-танымал сипаттағы бірлескен жарияланымдар әзірлеу және шығару;

бірлескен ғылыми және ғылыми-практикалық семинарлар мен конференциялар, сондай-ақ тиісті бағыттағы мамандардың біліктілігін арттыру курстарын өткізу;

жастардың экологиялық лагерьлері мен экспедицияларын қоса алғанда, экологиялық-ағартушылық сипатындағы бірлескен іс-шараларды өткізу;

«Алтай» трансшекаралық резерватының бірлескен интернет-сайтын құру және сүйемелдеу.

4. Өкілетті органдар Тараптар келіскен өзге де ынтымақтастық нысандарын дамытады және іске асырады.

6-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік шекаралары жолағының шегінде осы Келісімде көзделген бірлескен қызметті жүзеге асыру кезінде өкілетті органдар өз қызметін мемлекеттік шекараны қорғауға жауапты Тараптар мемлекеттері органдарымен келісім және өзара іс-қимыл бойынша мемлекеттік шекара режимін сақтай отырып, жүзеге асырады.

2. Тараптар мамандарының қажетті көлік құралдарын, жабдықтар мен материалдарды пайдаланып, Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасынан өтуі Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларында және халықаралық шарттарда көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

7-бап

1. Тараптар осы Келісімнің ережелеріне және Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

Осы Келісімнің шеңберінде Қазақстан Республикасының немесе Ресей Федерациясының мемлекеттік құпиясын қамтитын ақпарат алмасу жүзеге асырылмайды.

Егер осы Келісім шеңберінде ақпарат беру ол ақпаратты беретін Тарап мемлекетінің қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келетін болса, оны беру осы Келісім бойынша Тараптың міндеті ретінде қарастырылмайды.

Осы Келісімге сәйкес берілетін, беруші Тарап ол жөнінде құпиялықты сақтау қажеттігін ескертетін ақпарат осындай ақпарат ретінде анық айқындалады және белгіленеді. Осылай белгілеуге жауаптылық беруші Тарапқа және оның өкілетті органына жүктеледі. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай ақпарат «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар ақпарат ретінде қаралады. Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мұндай ақпарат «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар ақпарат ретінде қаралады. Мұндай ақпарат беруші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз жария етілмейді және үшінші тұлғаларға немесе тараптарға берілмейді.

2. Бір Тарап мемлекетінің шекаралық аумағында орналасқан «Алтай» трансшекаралық резерватының бөлігінде картографиялық, геодезиялық жұмыстар мен аэрофототүсірілімдер басқа Тараптың өкілетті органдарын жазбаша хабардар еткеннен кейін, ал Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасынан өту қажет болған жағдайда - Тараптар мемлекеттерінің шекара органдарының рұқсатын алғаннан кейін жүзеге асырылады.

3. Өкілетті органдар «Алтай» трансшекаралық резерватының аумағы шегінде бірыңғай қысқа толқынды және ультрақысқа толқынды радио жиіліктерін пайдалану тәртібін келісіп алады.

8-бап

Әрбір Тарап өз мемлекетінің аумағында орналасқан «Алтай» трансшекаралық резерватының бөлігі шегінде осы Келісімді орындауға байланысты шығындарды дербес көтереді.

Тараптар өкілдерін Аралас комиссияның мәжілістеріне қатысу үшін іссапарға жіберген кезде барлық шығындарды жіберуші Тарап көтереді.

Қабылдаушы Тарап Аралас комиссияның мәжілістерін ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шығындарды көтереді.

«Алтай» трансшекаралық резерватының жұмыс істеуіне байланысты іс-шаралар Тараптар мемлекеттерінің заңнамалары тыйым салмаған бюджеттен тыс көздердің есебінен де қаржыландырылуы мүмкін.

9-бап

Тараптар арасында арнайы уағдаластық болмаған кезде осы Келісімнің шеңберіндегі бірлескен қызметтің арқасында алынған нәтижелер үшінші тарапқа берілмейді.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға байланысты Тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөз жүргізу жолымен шешіледі.

11-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

12-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.


Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады. Егер Тараптардың бірде біреуі оның қолданысын тоқтату туралы ағымдағы кезең аяқталғанға дейін 6 айдан кешіктірмей басқа Тарапты жазбаша нысанда дипломатиялық арналар арқылы хабардар етпесе, осы Келісімнің қолданылуы автоматты түрде 5 жылдық кезеңдерге ұзартылады.

Астана қаласында 2011 жылғы «15» қаржылықте
арқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің
де күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін



Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін



**Соглашение
между Правительством Республики Казахстан и Правительством
Российской Федерации о создании трансграничного резервата
«Алтай»**

Правительство Республики Казахстан и Правительство Российской Федерации, в дальнейшем именуемые Сторонами, руководствуясь общепризнанными принципами и нормами международного права,

придавая большое значение выполнению Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о сотрудничестве в области охраны окружающей среды от 22 декабря 2004 г.,

принимая во внимание уникальность биологического разнообразия и экологических систем горной части Алтая, его экологическое, эстетическое, научное и культурное значение,

признавая, что Стороны имеют общую заинтересованность в сохранении ландшафтов и биологического разнообразия горной части Алтая для блага нынешнего и будущих поколений,

отмечая многолетние традиции сотрудничества между Сторонами в области научных исследований, сохранения биологического разнообразия и устойчивого природопользования, а также наличие особо охраняемых природных территорий, прилегающих к государственной границе,

проявляя озабоченность по поводу того, что биологическое разнообразие горной части Алтая подвергается негативным процессам антропогенного воздействия,

исходя из того, что природные комплексы можно сохранить только общими усилиями, и что их сохранение имеет не только государственное, но и мировое значение,

будучи убежденными в том, что создание казахстанско-российского трансграничного резервата отвечает требованиям сохранения ландшафта горной части Алтая в его неизменном виде, обеспечивает экологическое равновесие, защиту и приумножение природных ресурсов, что отвечает национальным интересам Республики Казахстан и Российской Федерации и интересам международного сообщества в целом,

согласились о нижеследующем:

Статья 1

1. Стороны создают на приграничных территориях Республики Казахстан и Российской Федерации трансграничный резерват «Алтай», в состав которого входят Катон-Карагайский государственный

национальный природный парк (Республика Казахстан), далее – национальный парк и государственный природный биосферный заповедник «Катунский» (Российская Федерация), далее – заповедник.

Стороны самостоятельно определяют и изменяют границы национального парка и заповедника в пределах территории своих государств, включая их картографическое закрепление в согласованной системе координат, о чем Стороны извещают друг друга в письменном виде по дипломатическим каналам.

2. Мероприятия в области охраны природных комплексов и объектов, проведения научных исследований и осуществления экологического мониторинга состояния природной среды на территории трансграничного резервата «Алтай» осуществляются в соответствии с настоящим Соглашением и законодательством государств Сторон.

Статья 2

Трансграничный резерват «Алтай» создается с целью:
сохранения биологического и ландшафтного разнообразия горной части Алтая;

содействия двустороннему сотрудничеству в области охраны окружающей среды и рационального использования природных ресурсов с учетом экологического, социального и культурного аспектов;

осуществления экологического мониторинга и изучения природных комплексов и объектов;

развития экологического просвещения населения и экологического туризма.

Статья 3

1. Органами Сторон, ответственными за реализацию настоящего Соглашения (далее – полномочные органы), являются:

с Казахстанской стороны – Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан;

с Российской стороны – Министерство природных ресурсов и экологии Российской Федерации.

2. В ходе выполнения настоящего Соглашения полномочные органы Сторон взаимодействуют между собой непосредственно. Стороны также могут определить организации, ответственные за особо охраняемые природные территории, включенные в состав трансграничного резервата «Алтай», для осуществления между ними прямых связей, о чем они информируют друг друга по дипломатическим каналам.

Статья 4

1. Для координации деятельности по реализации настоящего Соглашения и решения вопросов, связанных с его выполнением, Стороны создают Смешанную Казахстанско-Российскую комиссию (далее – Смешанная комиссия), которая по согласованию полномочных органов проводит свои заседания поочередно в каждом из государств Сторон. Первое заседание Смешанной комиссии созывается в течение одного года после вступления настоящего Соглашения в силу.

2. Стороны формируют национальные части Смешанной комиссии на паритетной основе с представительством органов и организаций, в ведении которых находятся вопросы реализации настоящего Соглашения.

3. Смешанная комиссия действует на основании Положения, принимаемого на ее первом заседании, утверждает программу и план сотрудничества, включая планы совместных мероприятий.

Статья 5

1. Полномочные органы в соответствии с настоящим Соглашением сотрудничают при осуществлении охраны, изучения и мониторинга природных комплексов и объектов трансграничного резервата «Алтай», проводят согласованную совместную деятельность в указанных сферах.

2. Полномочные органы осуществляют сотрудничество по следующим направлениям:

охрана природных комплексов и объектов, включая редкие и находящиеся под угрозой исчезновения объекты животного и растительного мира, в границах трансграничного резервата «Алтай»;

профилактика и пресечение экологических правонарушений;

организация взаимного информирования о загрязнении окружающей среды, экологических правонарушениях, распространении эпизоотий, лесных пожаров и мерах по их предотвращению и ликвидации, об иных природных явлениях, которые могут привести к трансформации экосистем, гибели популяций животных и растений на территории трансграничного резервата «Алтай», а также о планах реализации хозяйственных проектов, которые могут оказать воздействие на экосистемы трансграничного резервата «Алтай»;

обеспечение условий для беспрепятственной миграции диких животных на территории трансграничного резервата «Алтай».

3. Полномочные органы осуществляют сотрудничество в следующих формах:

совместный мониторинг состояния окружающей среды, природных комплексов и объектов на территории трансграничного резервата «Алтай», в том числе группировок обитающих и мигрирующих по территории

государств Сторон редких и находящихся под угрозой исчезновения объектов животного мира;

организация совместных научных исследований по темам, утверждаемым Смешанной комиссией, которая создается в соответствии со статьей 4 настоящего Соглашения;

обмен опытом в сфере охраны и изучения природных комплексов и объектов, проведения научных исследований, экологического мониторинга и эколого-просветительской деятельности;

подготовка и издание совместных публикаций научного и научно-популярного характера;

проведение совместных научных и научно-практических семинаров и конференций, а также курсов по повышению квалификации специалистов соответствующего профиля;

проведение совместных мероприятий эколого-просветительского характера, включая молодежные экологические лагеря и экспедиции;

создание и поддержание совместного интернет-сайта трансграничного резервата «Алтай».

4. Полномочные органы развивают и реализуют иные согласованные Сторонами формы сотрудничества.

Статья 6

1. При осуществлении совместной деятельности, предусмотренной настоящим Соглашением, в пределах полосы государственной границы государств Сторон, полномочные органы осуществляют деятельность с соблюдением режима государственной границы по согласованию и во взаимодействии с органами государств Сторон, ответственными за охрану государственной границы.

2. Пересечение казахстанско-российской государственной границы специалистами Сторон с использованием необходимых транспортных средств, оборудования и материалов осуществляется в порядке, предусмотренном законодательством государств Сторон и международными договорами.

Статья 7

1. Стороны осуществляют обмен информацией в соответствии с положениями настоящего Соглашения и законодательством государств Сторон.

В рамках настоящего Соглашения не осуществляется обмен информацией, составляющей государственную тайну Республики Казахстан или Российской Федерации.

Ничто в настоящем Соглашении не рассматривается как обязательство Стороны передавать информацию в рамках настоящего Соглашения, если ее передача противоречит интересам безопасности государства этой Стороны.

Информация, передаваемая в соответствии с настоящим Соглашением, в отношении которой передающая Сторона обусловила необходимость соблюдения конфиденциальности, ясно определяется и обозначается в качестве таковой. Ответственность за такое обозначение возлагается на передающую Сторону и ее полномочный орган. В соответствии с законодательством Республики Казахстан с такой информацией обращаются как с информацией, имеющей пометку «Для служебного пользования». В соответствии с законодательством Российской Федерации с такой информацией обращаются как с информацией, имеющей пометку «Для служебного пользования». Такая информация не раскрывается и не передается третьим лицам или сторонам без предварительного письменного согласия передающей Стороны.

2. Картографические, геодезические работы и аэрофотосъемка на той части трансграничного резервата «Алтай», которая расположена на приграничной территории государства одной Стороны, осуществляются после письменного уведомления полномочных органов другой Стороны, а в случае необходимости пересечения казахстанско-российской государственной границы – после получения разрешения пограничных органов государств Сторон.

3. Полномочные органы согласовывают порядок использования единых коротковолновых и ультракоротковолновых радиочастот в пределах территории трансграничного резервата «Алтай».

Статья 8

Каждая Сторона самостоятельно несет расходы, связанные с исполнением настоящего Соглашения, в пределах той части трансграничного резервата «Алтай», которая расположена на территории ее государства.

При командировании представителей Сторон для участия в заседаниях Смешанной комиссии все расходы несет направляющая Сторона.

Принимающая Сторона несет расходы, связанные с организацией и проведением заседаний Смешанной комиссии.

Мероприятия, связанные с функционированием трансграничного резервата «Алтай», могут финансироваться также за счет внебюджетных источников, не запрещенных законодательством государств Сторон.

Статья 9

В отсутствие специальной договоренности между Сторонами результаты, полученные вследствие совместной деятельности в рамках настоящего Соглашения, не подлежат передаче третьей стороне.

Статья 10

Все споры, возникающие между Сторонами в связи с толкованием и применением положений настоящего Соглашения, разрешаются путем переговоров.

Статья 11

Настоящее Соглашение не затрагивает права и обязательства государств Сторон, вытекающие из других международных договоров, участниками которых они являются.

Статья 12

Настоящее Соглашение вступает в силу с даты последнего письменного уведомления о выполнении Сторонами внутригосударственных процедур, необходимых для его вступления в силу.


Настоящее Соглашение заключается на 5 лет. В дальнейшем действие настоящего Соглашения автоматически продлевается на последующие 5-летние периоды, если ни одна из Сторон не уведомит по дипломатическим каналам в письменной форме другую Сторону не позднее чем за 6 месяцев до истечения текущего периода о прекращении действия настоящего Соглашения.

Совершено в г. Астрахань «15» сентября 2011 года в двух экземплярах, каждый на казахском и русском языках, причем оба текста имеют одинаковую силу.

За Правительство
Республики Казахстан



За Правительство
Российской Федерации



2011 жылғы 15 қыркүйекте Астрахан қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы «Алтай» трансшекаралық резерватын құру туралы келісімнің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

**Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық құқық
департаментінің
Кеңесшісі**



Б. Машиков

